

**Заңды (мемлекеттік кәсіпорындардан, мемлекеттік мекемелерден және коммерциялық емес ұйымдардан басқа) және жеке тұлғалардың өз фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауарлық таңбаларында "Қазақстан", "Республика", "Ұлттық" деген (толық, сондай-ақ олардан туындайтын кез-келген басқа да) сөздерді пайдаланғаны үшін алым есептеудің және төлеуінің тәртібі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 000 жылғы 7 сәуір N 520. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.20. N 1665 қаулысымен. ~P011665

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Заңды (мемлекеттік кәсіпорындардан,

мемлекеттік мекемелерден және коммерциялық емес ұйымдардан басқа) және жеке тұлғалардың өз фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауарлық таңбаларында "Қазақстан", "Республика", "Ұлттық" деген (толық, сондай-ақ олардан туындайтын кез-келген басқа да) сөздерді пайдаланғаны үшін алым есептеудің және төлеуінің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 7 сәуірдегі  
N 520 қаулысымен  
**БЕКІТІЛГЕН**

Заңды (мемлекеттік кәсіпорындардан, мемлекеттік мекемелерден және коммерциялық емес ұйымдардан басқа) және жеке тұлғалардың өз фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауарлық таңбаларында "Қазақстан", "Республика", "Ұлттық" деген (толық,

сондай-ақ олардан туындайтын кез-келген басқа да)  
сөздерді пайдаланғаны үшін алым есептеудің және  
төлеуінің тәртібі туралы  
Ереже

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына, "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже заңды (мемлекеттік кәсіпорындардан, мемлекеттік мекемелерден және коммерциялық емес ұйымдардан басқа) және жеке тұлғалардың өз фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауарлық таңбаларында "Қазақстан", "Республика", "Ұлттық" деген (толық, сондай-ақ олардан туындайтын кез келген басқа да) сөздерді пайдаланғаны үшін алым ( бұдан әрі - алым) есептеудің және төлеуінің тәртібін айқындайды.

## 2. Алым төлеушілер

3. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және өздерінің фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауарлық таңбаларында "Қазақстан", "Республика", "Ұлттық" (толық, сондай-ақ олардан туындайтын кез келген басқа да) деген сөздерді (бұдан әрі - сөздер) пайдаланатын заңды (мемлекеттік кәсіпорындардан, мемлекеттік мекемелерден және коммерциялық емес ұйымдардан басқа) және жеке тұлғалар алымды төлеушілер болып табылады.

## 3. Алымдарды есептеудің тәртібі мен төлеудің мерзімдері

4. Алымның сомасы әрбір тұлғалар сөзді мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдары берген Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте аталған заңды тұлғаның фирмалық атауында;

салық органдары берген Жеке кәсіпкердің куәлігінде көрсетілген, жеке кәсіпкердің фирмалық атауында;

2) тиісті ұйым (бұдан әрі - Қазпатент) берген Тауарлық таңбаларға куәліктердің санына қарай тауарлық таңбада (қызмет көрсету белгілерінде) жеке пайдаланғаны үшін есептеледі.

5. Алымның сомасын төлеуші өз бетінше айқындайды және мынандай тәртіппен:

1) шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға:  
фирмалық атауында төлем күнгі қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінде;

тауарлық таңбада (қызмет көрсету белгісінде) төлем күнгі қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес еселенген мөлшерінде;

2) өзге де заңды тұлға:  
фирмалық атауында төлем күнгі қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінде;

тауарлық таңбада (қызмет көрсету белгісінде) төлем күнгі қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінде;

3) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адам:  
фирмалық атауында төлем күнгі қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінде;

тауарлық таңбада (қызмет көрсету белгісінде) төлем күнгі қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінде есептеледі.

6. Алым төлеушілер болып табылатын жаңадан құрылған заңды тұлғалар (немесе заңды тұлғаларды қайта тіркеу кезінде) Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алғаннан кейін салық органында салықтық есепке тұру кезінде осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес "Заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың өз фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауарлық таңбаларында " Қазақстан", "Республика", "Ұлттық" деген (толық, сондай-ақ олардан туындайтын кез келген басқа да) сөздерді пайдаланғаны үшін алымның сомасын есептеу" нысаны бойынша есеп (бұдан әрі - есеп) ұсынуға және алымды төлегендігін растайтын құжатты көрсетуге міндетті.

Алым төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар салық органында Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алған кезде есеп ұсынуға және алымды төлегендігін растайтын құжатты көрсетуге міндетті.

Тауарлық таңбаға куәлікті алған кезде алым төленгендігін растайтын құжат Қазпатентке көрсетіледі.

Алым төлеушілер Тауарлық белгіге куәлікті алғаннан кейін 10 күннің ішінде тіркелген жері бойынша салық органына есеп ұсынады және алымды төлегендігін растайтын құжатты көрсетеді.

7. Алымның сомасы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының

Заңына сәйкес республикалық бюджетке аударуға жатады.

#### 4. Жауаптылық

8. Төлеушілер алымның сомасын төлемегені, уақытылы немесе толық төлемегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

9. Алымның уақытылы төленбеген сомасы, кешіктірілген әр күн (төлеу күнін қоса алғанда) үшін бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы соманы төлеу күні белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы мөлшерінде өсімақы есептеу арқылы, өндіріліп алынады.

Ережеге 1-қосымша

СТН \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бойынша Салық комитеті  
(Төлеушінің толық атауы)

\_\_\_\_\_ (ұсыну мерзімі)

\_\_\_\_\_ (банк)

\_\_\_\_\_ (іс жүзінде ұсынылды)

\_\_\_\_\_ (банктік шоттар)

Заңды (мемлекеттік кәсіпорындардан, мемлекеттік мекемелерден және коммерциялық емес ұйымдардан басқа) және жеке тұлғалардың өз фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауарлық таңбаларында "Қазақстан", "Республика", "Ұлттық" деген (толық, сондай-ақ олардан туындайтын кез-келген басқа да) сөздерді пайдаланғаны үшін алымдар сомасының \_\_\_\_\_ жылға арналған

Есебі

-----  
N !

!Толық атауы!Пайдаланылған!АЕК алым !Алымның

р/с! ! ! сөздердің !ставкасы !сомасы  
! ! ! саны ! !4x5 мың  
! ! ! ! ! теңге

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

1. Фирмалық атауы
2. Тауарлық таңба: X

оның ішінде тауардың  
түрлері:

а) \_\_\_\_\_

б) \_\_\_\_\_

в) \_\_\_\_\_

Қызмет көрсету белгісі:

оның ішінде қызмет  
көрсетудің түрлері:

а) \_\_\_\_\_

б) \_\_\_\_\_

в) \_\_\_\_\_

Жиыны: X X

Толтырылған күні \_\_\_\_\_  
М.О.

\_\_\_\_\_ (қолы)  
Басшы

\_\_\_\_\_ (қолы)  
Бас бухгалтер

\_\_\_\_\_ (қолы)  
(Салық инспекторының аты-жөні)

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК